«Кентау қаласындағы С. Сейфулина көшесінде орналасқан №12 участкенің инженерлі-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарын жүргізу»

жұмыстарына жобалау сметалық құжаттамаларын әзірлеу ведомостводан тыс кешенді сараптамасын өткізу, авторлық және техникалық қадағалау мен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу

бес жақты МЕМОРАНДУМЫ № 01-11

Кентау қаласы **02.11.2023 жыл**

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 148 бабының 1-3 тармағына және 378 бабына сәйкес **«Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі»** атынан жарғы негізінде әрекет ететін басшысы Байсеитов Д.К., (бұдан әрі- «Тапсырыс беруші» деп аталатын) бір тараптан, **«Sagulov Investment's»** ЖШС атынан жарғы негізінде әрекет ететін директоры Сагулов И.У., (бұдан әрі- «Демеуші» деп аталатын) екінші тараптан, **«БалДаурен-GROUP»** ЖШС атынан жарғы негізінде әрекет ететін директоры Дауренова Б.Б., (бұдан әрі - «Бас Жобалаушы» деп аталатын) үшінші тараптан, **«Бекболатовтар курылыс компаниясы»** ЖШС атынан жарғы негізінде әрекет ететін директоры Жолдасов М.Ө., (бұдан әрі - «Бас Мердігер» деп аталатын) төртінші тараптан, **«AveNiu»** ЖШС атынан жарғы негізінде әрекет ететін директоры Мүтәлі М.Ә., (бұдан әрі - «Техникалық кадағалаушы» деп аталатын) бесінші тараптан:

Кентау қаласындағы С. Сейфулина көшесінде орналасқан №12 участкенің инженерлі-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарын жүргізу» жұмыстарына әзірленген жобалау-сметалық құжаттамаларына ведомостводан тыс кешенді сараптама жұмыстарын атқаруға бірлесе жұмыс жүргізу мақсатында осы бес жақты меморандумға қол қоя отырып, төмендегі шарттарға келісті.

Тараптар өз құзіреті шеңберінде келесі бағыттарда жұмыстар атқарды:

1. «Тапсырыс беруші»

1.1. Жобалау - сметалық құжаттамаларына ведомостводан тыс кешенді сараптама жұмыстарын атқарулы жүзеге асыруына байланысты қажетті құжаттамалармен қамтамасыз етеді;

2. «Демеуші»

2.1. «Демеуші», **Кентау қаласындағы С. Сейфулина көшесінде орналасқан №12 участкенің инженерлі-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарын жүргізу»** жұмыстарына әзірленген жобалау-сметалық құжаттамаларына ведомостводан тыс кешенді сараптама жұмыстарын атқаруға кететін шығындарын, құрылыс- монтаж жұмыстарын жүргізу үшін кететін шығындарын демеушілік ретінде өз қаражаты есебінен төлеп беруге міндетіне алады;

3. «Бас жобалаушы»

3.1. «Бас жобалаушы», жұмыстарына әзірленген жобалау-сметалық құжаттамаларына ведомостводан тыс кешенді сараптама жұмыстарын атқаруға сапалы әзірленуін өз міндетіне алады;

3.2. «Бас жобалаушы», жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу кезінде қиындықтар туындаған кемшілікті жоюға міндеттенеді;

4. «Бас мердігер»

4.1. «Бас мердігер» құрылыс-мантаж жұмыстарын ҚР құрылыс нормалары бойынша сапалы орындауға өз міндетіне алады.

4.2. «Бас мердігер» құрылыс-мантаж жұмыстарын Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы занына сәйкес жұмыстарын атқаруға өз міндетіне алады.

5. «Техникалық қадағалаушы»

5.1. «Техникалық қадағалаушы», құрылыс-мантаж жұмыстарын ҚР құрылыс нормалары бойынша бас мердігерді жәнеде қосалқы мердігерлерді, өз міндетіне алынған жұмыстарын сапалы орындатуға өз міндетіне алады.

6. Есеп айырысу

6.1. Төлем жүргізілуі - «Демеуші», «Бас жобалаушы», «Бас мердігер» және «Техникалық кадағалаушы» тараптардың арасында келісімшарт бойынша есеп шоттарына аудару немесе қолма-қол қаржы беру тәсілімен жүргізіледі.

7. Тараптар міндеттенеді

7.1 Осы бес жақты меморандумға қол қойған әр жақ, өздерінің құзіреті аясында жауапкершілікті мақұлдайды, сонымен қатар өзара келісу принципі бойынша бірге қызмет атқаруға міндеттенеді;

7.2. Осы бес жақты меморандум «Тапсырыс беруші» тарапына жобалау-сметалық құжаттамасы өткізіліп, құрылыс-мантаж жұмыстары өткізіліп және «Демеуші» тараптан «Бас жобалаушы», «Бас мердігер», «Техникалық кадағалаушы» тарапына жұмыстары толық орындалған жағдайда қаржының толық мөлшері өткізгенге дейін күшін жоймайды.

7.3. Осы бес жақты меморандумға тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді, егер тараптардын бес жақты меморандумды бұзуға ниет білдірген жағдайда өзге тараптарға тоқтау туралы 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде хабарлайды.

8. Қорытынды ережелер

8.1 Осы бес жақты меморандум әр қайсысының бірдей заңдық күші бар қазақ тілінде бес түпнұсқалық данада жасалынады

9. Тараптардың заңды мекен-жайлары және банктік деректемелері

Тапсырыс беруші:
«Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі»
Мекен жайы: Түркістан о., Кентау қ., С.Байтереков к, 7 ғимараты.
БСН 190840029658
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ29070103KSN5818000
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
Тел.: 8 (72536) 5-52-66
Басшысы:
_____ **Байсеитов Д.К.**
м.о.

Демеуші:
«Sagulov Investment's» ЖШС
Мекен жайы: ҚР, Шымкент қ, 194 квартал 1550/1
БСН 191040012469
ЭҚЖЖ 64992
«АҚ Банк ЦентрКредит»
БСК KCJBKZKX
ЖСК KZ138562203116760775
Тел.: +7-702-777-20-39

Директордың міндетін атқарушы:
_____ **Сагулова М.С.**
м.о.

Бас жобалаушы:
«БалДаурен-GROUP» ЖШС
Мекен жайы: ҚР, Шымкент қ, Республика даңғылы, 25Б үй.
БСН 121140000505
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ296017291000001006
АҚ «Казакстан Халық Банкі»
Тел.: 8 (778) 151-15-50
Директор:
_____ **Дауренова Б.Б.**
м.о.

Бас мердігер:
«Бекболатовтар курылыс компаниясы» ЖШС
Мекен жайы: ҚР, Атырау о., Атырау қ, М. Өтемісұлы к., 123В ғимараты.
БСН 940340000858
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ756017121000000526
АҚ «Казакстан Халық Банкі»
Тел.: 8 (7122) 46-53-38
Директор:
_____ **Жолдасов М.Ө.**
м.о.

Техникалық қадағалаушы:
«AveNiu» ЖШС
Мекен жайы: ҚР, Туркестанская область, район Байдибека, с.Боралдай, Т.НАКЫПБЕКУЛЫ, 35
БСН 180940002678
БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ509651 6F0008505923 АҚ «ForteBank»
Тел.: 8(775)952-99-79
Директор:
_____ **Мүтәлі М.Ә.**
м.о.